

Шағырбаев М.¹, Сапатаев С.²

¹магистр, Ә. Марғұлан атындағы Археология институты, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: shagyrbaev@gmail.com

²магистр, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: samat.1991@mail.ru

**ЕР-ТОҚЫМ ГЕНЕЗИСІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР
(Таулы Алтай және Берел қорымдарының материалдары бойынша)**

Мақала ат әбзелдерінің маңызды бөлігі – ер-тоқымның генезисіне байланысты кейбір мәселелерге арналады. Әрине қазіргі таңда ер-тоқымдар жетіліп, өзінің бастапқы формасынан мүлдем өзгеше болып кеткенімен, жалпы негізгі мақсаты мен бастапқы пішінін сақтаған. Мақала барасында, негізінен Шығыс Қазақстан және көршілес аймақтардан табылған көне ер-тоқымдардың жасалу ерекшеліктері, ерлердің конструкциялық құрылымы, безендірілу тәсілдерін, басқа аймақтардан табылған ер-тоқымдармен салыстырмалы түрде талдау жүргізілген. Зерттеу нысаны ретінде, Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Берел қорымындағы №11 оба материалдары және аталған аймақпен көршілес Таулы Алтайдағы Пазырық, Тұяқты, Башадар, Шибө, Кудыргэ, Ак-Алахан, Жоғарғы Қалжың-2, Қытайдың Синьзянь аймағы қарастырылады. Ерте көшпелілердің ер-тұрмандары туралы деректер ерте заманның өзінде-ақ болған. Мәселен, ассириялықтардың ілмектеріндегі салт мінген скифтердің ер-тоқым пайдаланған бейнесі, Чертомлыктік ілмектегі атын демалдырып отырған скифтің ерттеулі жылқысы т.б. Бірақ нақты ер-тоқымдар туралы зерттеулер, археологиялық қазба жұмыстарының негізінде талдау жасау жұмыстары XX ғасырдың басында жарық көре бастады. Осы тақырып бойынша М.П. Грязнов, С.И. Руденко, А.А. Гаврилов, Н.В. Полосмак, А.П. Бородовский, П.П. Азбелев, Е.В. Степанова, З.С. Самашев секілді зерттеушілер өздерінің еңбектерінде ақпарат келтіріп кеткен.

Түйін сөздер: ат әбзелдері, ер-тоқым, Шығыс Қазақстан, Таулы Алтай, генезис, жылқы шаруашылығы.

Shagirbayev M.¹, Sapataev S.²

¹master, Archaeology institute named after A. Margulan, Kazakhstan, Almaty, e-mail: shagyrbaev@gmail.com

²master, senior lecturer of the department of archeology, ethnology and museology of the Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: samat.1991@mail.ru

**Some issues of the saddle genesis
(based on the materials of the burial grounds of Altai Mountains and Berels)**

The article is devoted to some issues of the saddle genesis, which is the main part of horse equipment. Of course, now the saddle shape is quite different from its original shape, despite this it retained the main role. The article mainly shows a comparative analysis of manufacturing technology, structural design, decoration methods of the saddles found in East Kazakhstan and neighboring regions. The materials of the Berel burial grounds No. 11 of the Katon-Karagai district of the East Kazakhstan region, the burial grounds of Altai Mountains, such as Pazyryk, Tuyakty, Bashadar, Shibe, Kudyrge, Ak-Alakhan, Upper Kalzhin-2 and burial grounds of Xinjiang region of China are presented as a subject of research. Data on the saddle of nomads are also found in early written sources. For example, the image of Scythian riding horses on the Assyrian hook, the saddled horse of a resting Scyth on the Chertomlyk hook and etc. Specific studies of saddles, analytical work on the basis of archaeological excavations began to be published at the beginning of the XX century. Information about this theme is found in the works of researchers such as M.P. Gryaznov, S.I. Rudenko, A.A. Gavrillov, N.V. Polosmak, A.P. Borodovsky, P.P. Azbelyev, E.V. Stepanova, Z.S. Samashev.

Key words: horse equipment, saddle, East Kazakhstan, Altai Mountains, genesis, horse breeding.

Шагирбаев М.¹, Сапатаев С.²

¹магистр, Институт археологии им. А. Маргулана, Казахстан, г. Алматы, e-mail: shagyrbaev@gmail.com

²магистр, старший преподаватель кафедры археологии, этнологии и музеологии
Казахского национального университета им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: samat.1991@mail.ru

**Некоторые вопросы генезиса седел
(по материалам могильников Горного Алтая и Береля)**

Статья посвящена некоторым вопросам генезиса седел, являющихся основной частью конского снаряжения. Безусловно, сегодня седло довольно сильно отличается от своей первоначальной формы, но, несмотря на это, оно сохранило свою важность. В статье в основном дан сравнительный анализ технологии изготовления, структурной конструкции, методов украшения седел, найденных в Восточном Казахстане и соседних регионах. Материалы Берельского могильника №11 Катон-Карагайского района Восточно-Казахстанской области, могильников Горного Алтая, таких как Пазырык, Туякты, Башадар, Шиббе, Кудыргэ, Ак-Алахан, Верхний Калжин-2 и могильников Синьцзянского района Китая представлены как предмет исследования. Данные о седлах, используемых кочевниками, встречаются также в ранних письменных источниках. К примеру, образ скифских коней под седлом на ассирийском металлическом крючке, оседанная лошадь отдыхающего скифа на Чертомлыкском крючке и т.д. Исследования, посвященные именно седлам, и аналитические работы на основе археологических раскопок начали издаваться в начале XX века. Информация по этой теме встречается в трудах таких исследователей как М.П. Грязнов, С.И. Руденко, А.А. Гаврилов, Н.В. Полосьмак, А.П. Бородовский, П.П. Азбелев, Е.В. Степанова, З.С. Самашев.

Ключевые слова: конское снаряжение, седло, Восточный Казахстан, Горный Алтай, генезис, коневодство.

Кіріспе

Ерте көшпелілерінің тұрмысындағы маңызды орын алатын жылқы әбзелдері, оның ішінде ер-тоқым мәселесі бізге дейін де әр қырынан зерттелініп, түрлі тұжырымдар жасалғаны анық. Бірақ, ат әбзелдеріне қатысты материалдар археологиялық зерттеулердің негізінде жыл сайын толығып келе жатқандықтан, жылқы ерлері мәселесін қайта қарап, олардың шығу генезисі мен қалыптасу эволюциясының тарихи реконструкциясын жасау, қазіргі археология этнография ғылымында өте маңызды болып табылады. Бұл қазақ халқының күні бүгінге дейін қолданып келе жатқан ер-тоқымдарының қандай даму сатыларынан өткендігін дұрыс айғақтауға мүмкіндік береді.

Жұмсақ ерлер сақ-скиф заманында кең қолданыста болған. Себебі жерлеу орындарынан табылған ер тоқымдардың безендірілуі жаңа болғанымен, басқа детальдары бұйымдардың біршама пайдалануда болғанын айғақтайды. Бірақ жұмсақ ер қаншалықты кең қолданыста болғанын ашып айту қиын.

Зерттеу әдістері

Мақаланың теориялық негізі – Таулы Алтай және Берел қорымдарының материалдары бойынша ат әбзелдерінің пайда болуы, таралу

аймағы және эволюциясы мәселелерімен айналысатын жетекші отандық және шетелдік авторлардың еңбектері.

Әдістемелік негіз ретінде тақырыпты қарастыру барысында қорымдарды топтастыру, қазба нәтижелерін талдау, кезеңдеу секілді археологиялық әдістер қолданылды. Топтастыру әдісі – археологиялық ескерткіштерден табылған материалдарды аймақтық, пішіндік және құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты жеке топтарға бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Қазба нәтижелерін талдау әдісі – белгіленген тақырып негізінде археологиялық ескерткіштерден қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлерді өзіндік ерекшеліктеріне қарай талдау. Кезеңдеу – бұл жәдігерлердің жасалынған уақытын анықтауға бағытталған жұмыстар.

Таулы Алтайдан табылған ер-тоқымдар

Бірінші Пазырық ер-тұрмандары. Пазырық қорымы Шығыс Алтайдағы Телецк көлінен оңтүстік және оңтүстік-шығысқа қарай 80 шақырым жердегі Ян-Улаган өзені бойында орналасқан. Теңіз деңгейінен 1600 м биікте, солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеле орналасқан, ірі көлемдегі 5 обаның орталық бөлігіндегі ең ірісін 1929 жылы М.П. Грязнов зерттеу жұмыстарын жүргізген. Зерттеу

жұмыстары барысында ұзыннан орналасқан, ер-тоқымдарымен бірге жерленген жылқылар шыққан.

Пазырық ер-тоқымының ерекшелігі, мұнда ешқандай үзеңгі және ердің астында орналасатын қатты тақтай жоқ. Ер-тоқым ішіне бұғының жүні толтырылған теріден жасалған екі бөстек немесе жастықты бір-біріне қалың қылдан байланған. Екі жастықтың ортасында жұқа тері жалғанған, бұл жері жылқының арқасына отырғызылып, қалған екі бөлігі жылқының екі қапталына орналастырылады. Жастықтың үстіне айыл немесе тарпа орналасқан. Тартпа жылқының кеуде тұсына сәйкес келеді. Бүгінгі тілмен айтқанда төс айылға жақын. Төс айылдың ердің үстінде жатқан бөлігі тері жастыққа екі жерінен жұқа қылмен бекітіліп байланған. Төс айыл екі бөліктен тұрады. Бір шеті жұқа сүйір болып келсе, екінші шеті тері қайыспен байланған. Мұндай айылды жылқының сол жағынан да, оң жағынан да байлауға болады. Тартпаның алдыңғы жағынан жылқының кеудесін айналып, мойынмен жалғасатын бекіткіш тарпа шығарылған.

Осы горизонталь бағыттағы тартпаның орта тұсынан жылқының жотасын айналдырып қайта жалғанатын жұқа қайыс белбеу шығарылған. Жастықтың артқы жағынан жылқының құйрығына қарай барып, алға жылжып кетпеуін қамтамасыз ететін құйысқан шығарылған. Бірақ Пазырық еріндегі құйысқанның ерекшелігі, ол жылқының құйырығының астынан емес, одан тым төменге дейін жететін ұзын болып келуі. М.П. Грязнов бұл құйысқанды жылқының шамамен артқы жамбас тұсынан тартылған болуы мүмкін деген пікірге келеді (Грязнов, 1950: 57). Құйысқанның бұл типі Эрмитаждағы алтын айылдағы суретте көрсетілген жылқы еріне қатты ұқсайды. Ер-жастықтың артқы жағында, екі шетінен үш-үштен жіңішке қайыс шығарылып, олардың ұшына ағаш қоңырауша орнатылған. Осы үш жіңішке тармақты қайыспен бірге, ердің екі шетінде бір-бірден тағы бір жіңішке тармақты қайыс шығарылған. Бірақ оның ұшына қоңырау емес, жіңішке, ұзындығы шамамен 2-3 см болатын түйме тәрізді ағашты орнатқан. Ер тоқымның оң жағында жылқының қарнына жабыстырылып, сауыт тәрізді бұйым орналастырылған. Ердің астында аса қалың емес, теріден жасалған терлік орналасқан. Оны ерге үстіндегі айылдың қосылып байлайтын жерінен бекітіп қояды. Ердің үсті жұқа киізбен жабылған. Киіз ердің алдыңғы және артқы жағынан бекітіліп байланған.

Екінші Пазырық ер-тұрмандары. Пазырық обаларының ішінде екінші обаға археологиялық зерттеу жұмыстары 1947 жылы С.И. Руденконың басшылығымен жүргізілген. Бұл қорғаннан табылған ер-тоқым, бірінші обадан шыққан ер-тоқымға ұқсайды. Екеуінің пішіні, материалдары мен жасалу тәсілдері бірдей. Мұнда да екі тері жастықты бір-біріне жалғап, төрт доға ағашпен екеуін алдына, екеуін артына бекіткен. Жалпақ келген екі жастық сіңірден жасалған жіппен тігіліп, ішіне бұғының жүні толтырылған. Бірақ ерлердің ішінде екі жастыққа бұғы жүні емес, қияқ шөбінің сабаны толтырылған. Жастықтарды бойлай үш жерден, қылдан жасалған жіппен жастық ішіндегі жүн немесе шөпті бір жағына қарай жинақталып қалмас үшін, тігіс жүргізген. Жастықтың алдыңғы жағы да толтырылып, аздап, томпайтылған. Ердің артқы жағындағы томпайтылған бөлік, алдыңғыға қарағанда аздап кішкентайлау келген. Екі жастық та астыңғы жағынан бойлай белбеумен байланған. Ердің бетін жапқан, жұқа киіз ердің бүкіл аймағын толық қамтыған. Киіздер көк немесе қызыл түспен боялған немесе ақ түспен бояған. Бірақ барлығы да жерде ұзақ уақыт бойы жылқымен бірге жатқандықтан, сарғыш тартып кеткен. Барлық киіздің шеті жұқа терімен қапталып тігіліп шыққан. Көк түсті бір киіз ешқандай өрнектермен безендірілмесе, басқа үш киіз бүркіт бейнесіндегі грифонмен, бұлан және аңдардың таласы маталармен қиылып, бетіне жапсырылып тігілген (Руденко, 1948: 14-17).

Үшінші Пазырық ер-тұрмандары. 1948 жылы екінші Пазырық обаларына С.И. Руденконың басшылығымен зерттеу жұмыстары аяқталып, үшінші және төртінші обаларға зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Үшінші Пазырық қорғанындағы жерленген жылқылар обаның жерлеу камерасының солтүстік жағында орналасқан. Алып жатқан аумағы 2,25x5,30 м құрайды. Жерлеу ғұрпының алдында жылқылардың барлық әбзелдері, оның ішінде ауыздық, жүген мүмкін ер-тоқымы шіріп алынып, жылқылар өлтіріліп, жерленгеннен кейін, әр қайсысының әбзелін үстіне қойған. Мұндағы ер-тоқымдардың сақталуы өте нашар. Бірде біреуі жақсы сақталмаған. Бірақ жалпы пішіні мен құрамын анықтауға мүмкін болған. Нәтижесінде ер-тоқымдар Пазырықтан табылған басқа ерлер секілді екі тері жастықтан тұратыны белгілі болған (Руденко, 1950: 11-26). Жоғарыда келтірілген деректен өзге мардымды мәлімет жоқ.

Төртінші Пазырық ер-тұрмандары. Жерлеу камерасының солтүстігінде аса үлкен

емес аумаққа 14 жылқы жерленген. Жерлеу камерасының еденіне дейін тоң басып жатса да, көпшілік жұмсақ заттар сақталмаған. Ер-тоқымдар толықтай шіріп, жоқ болып кеткен. Тек ер тоқымның мүйізден жасалған қаптамалары ғана қалған.

Жалпы ерте көшпелілердің жерлеу орындарынан табылған ер-тоқымдар күнделікті тұрмыста пайдаланылған ба, әлде арнайы ғұрыптық мақсатта жасалуы мүмкін бе деген сұраққа С.И. Руденко өзінің зерттеулеріне сүйене отырып: «ауыздықтардың әбден желініп, жіңішке-ріп кетуі, олардың ұзақ уақыт бойы қолданыста болған» – деп атап көрсетеді (Руденко, 1950: 11-26).

Бесінші Пазырық ер-тұрмандары. Бесінші Пазырық обасына С.И. Руденконың басшылығымен 1949 жылы археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілген. Жерлеу шұңқырынан табылған ерлердің астынан киізден жасалған тоқымдар табылған. Бесінші обадан табылған ат әбзелдері мен ер-тоқымдар үшінші обадан табылған заттарға жақын. Жалпы Бесінші Пазырық обасындағы ер-тоқымдар жақсы сақталуымен ерекшеленеді. Пазырық обаларының ішінде үшінші және төртінші обалардан шыққан ер-тоқым ұрпақтарына қарап, олардың бірінші Пазырық ерлерінен біршама айырмашылықтары бар екенін байқаймыз. Оның ішінде ердің қасы біршама ерекшеленеді. Пазырықтың алғашқы обаларына қарағанда, мұндағы ердің қасына қосымша қапталатын мүйізден немесе ағаштан жасалған қаптамалар табылған (Руденко, 1951: 106-116).

Екінші Башадар қорымының ер-тұрманы. Ескерткіш Таулы Алтайдағы Урсул өзеніне құятын Қаракөл өзенінің сол жағалауындағы Башадар шатқалында орналасқан. Ескерткіш б.з.д. VI ғасырмен мерзімделеді. Аталған ескерткішке 1950 жылы С.И. Руденко Пазырық мәдениетімен мерзімделетін 2 обаға зерттеу жұмысын жүргізеді. Жерлеу камерасының еденін киіз кілеммен жапқан. Киіздің көпшілік бөлігін тонаушылар жырттып тастаған. Жерлеу камерасынан табылған жылқының үстіндегі ердің бетіне киіз жабынды жапқан. Киіз түрлі оюлармен безендірілген. Ердің алдыңғы және артқы қасының астына ағаш салған. Оның беті алтынмен әшекейленген. Алтын әшекейлер бүркіт бейнесінде кескінделген. Бүркіт қанатын жайып, құйрығын созып, тырнақтарын тарбитып сұстылық кейпін сақтаған. Жалпы Башадар ерлерінің жасалу тәсілі мен безендірілуінің

көпшілік детальдары Пазырықтағы ерлерге жақын келеді (Древняя Сибирь, 1976: 38-40).

Шибе ер-тұрмандары. М.П. Грязнов 1927 жылы Алтайдағы Урсул өзені бойында Шибе қорымындағы обаға жүргізген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында (Грязнов, 1928: 217-219) бастары солтүстікке қаратылып, 4 қатар етіп жерленген 14 жылқыны тапқан. Жылқылардың бұлай орналасуы басқа аймақтарда, мәселен Пазырықтағы бірінші және үшінші обалар, сонымен қатар Берелдегі №11 обадан кездескен (Витт, 1952: 165). Барлық жылқылар арнайы темірмен маңдайынан ұрып өлтірілген (Баркова, 1978: 37-44).

Бізге осы күндері жетіп отырған Шибе обасының сызбасы негізінен Л.Л. Баркова жасаған реконструкция болып табылады. Себебі Шибе обалары ерте заманда-ақ тоналып кеткен, тонаушылар обаның ішкі жерлеу камерасының астаң-кестеңін шығарған (Баркова, 1979: 55-65).

Қасы төмендеу келген, жазық ерлер Пазырықтағы бірінші және екінші обалардан, сонымен қатар, екінші Туэкти обаларынан табылған (Руденко, 1953: 156; Руденко, 1960: 116-120).

Ак-Алаха тоқымдары. Ак-Алаха қорымы Таулы Алтайдағы өзі аттас өзеннің сол жағалауында орналасқан. Қорымнан солтүстік-шығысқа қарай 15 шақырым жерде бертек атты ең жақын елді мекен орналасса, батысқа қарай 15 шақырым жерде өзімен аттас шекара бекеті орналасқан. Ак-Алаха 1 қорымында бес әртүрлі кезеңге тән обалар мен бір ғұрыптық ескерткіш бар. 1-2 обалар Пазырық кезеңіне тән болса, №3 оба түркі кезеңімен мерзімделген. Қалған екі обаның мерзімі толық анықталмаған. Зерттеу жұмыстарын 1992-95 жылдары Н.В. Полосьмак жүргізген.

№1 обада 9 жылқы жерленген. Жылқылардан бізге дейін жүн талшықтары мен құйрығы, сонымен қатар, әбзелдерінен металдан жасалған заттар ғана қалған. Басқа ер-тұрман секілді бұйымдар шіріп, жоғалған. Бірақ жылқылармен бірге үш орта көлемдегі ағаш қалқан табылған. Мұндай ағаш қалқандар бірінші, екінші және төртінші Пазырық обаларынан да кездескен (Руденко, 1953). Жылқылардың бірінің үстінен нашар сақталған ердің қалдығы табылған. Ер бұрынғы Пазырық обаларынан кездескен ерлерден айырмашылығы жоқ. Екі терінің ішіне жүн немесе шөп толтырылып жасалған. Бетін киізбен жапқан. Сақталған киіз қалдықтарында аң стиліндегі композиция бейнеленген. Киіз жаппаның қапталына салбыратып балық

және қасқыр кескініндегі жалғама ілмек киіз жасалған. Ерден қалғаны имек ағаш, оның қаптамалары ғана қалған. Қаптама киіздің түсі сұр-сарғыш келген. Көлемі 62x56,5 см құрайды. Киіз жабындының екі шетіне бір-бірден балық пішіндес киіз кескінді тіккен. Балықтың ені 78 см, ені 20 см құрайды. Тура осы кескіндегі балық пішіндес бейненің қалдығы екінші Башадар обасынан кездескен (Руденко, 1960).

Ердің бетіне жапқан киіз жабындының таңғы бір қалдығында қанатты арқар немесе тауешкі бейнеленген. Қанатты тауешкі бейнесі Екінші Пазырық обасынан және Берелдегі №11 обадан табылған ердің бетіндегі тоқымында да болған (Самашев, 2001: 26-30).

Жоғарғы Қалжың-2 тоқымдары. 1994 жылы В.И. Молодин Жоғарғы Қалжың 2 қорымындағы №1 обаны зерттеу барысында бір жылқымен жерленген жауынгер мәйіті кездеседі. Жылқымен бірге табылған киіз тоқым басқаларына қарағанда өзінің жасалу тәсілінің қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Негізгі қара қалың киіздің бетіне екі бөлек сары киіз тігілген. Оның бетіне оюлар аппликациялық түрде жүргізілген. Жоғарғы Қалжың 2 қорымынан табылған тоқымның ұқсас түрі Пазырықтағы бесінші обдан шыққан тоқым болып табылады (Полосьмак, 2001: 225-226).

Берелден табылған ер-тоқымдардың сипаттамасы

Берел ер-тоқымдары. Берел қорымдарында №10 және №11 обалардан оннан астам ер-тоқым қалдықтары табылған. Ер-тоқымдар өздерінің жасалу тәсілдері мен конструкциялық құрылымы жөнінен классикалық Пазырық қорғандарынан табылған ер-тоқымдарға жақын. Әдеттегідей ішіне жануардың жүні және немесе шөп толтырылған екі тері жастықтан тұрады. Беті түрлі матадан әшекейлеп, аң стиліндегі бейнелермен көркемделген. Ер-тоқым жылқының арқасына бір ғана тартпамен, әрі тартпаның басы сүйектен немесе мүйізден жасалған айылбас тоғамен байланады. Сүйектен жасалған тартпаның басындағы доғалар пішіні мен кейбір бөлшектерінің атқаратын қызметіне орай қосалқы мұрын, нүктелі мұрын немесе жабық түріндегі ілмекпен бекітілген. Берел ерлерінің кейбіреулері алдыңғы және артқы қастарында сүйектен, кейде ағаштан жасалған доға тәріздес бөліктері бар болып шыққан. Жалпы Пазырық мәдениетінің таралу шеңберінде ер-тоқымдар өздерінің конструкциялық құрылымы жағынан

бір-бірінен аса көп ерекшелене бермейді. Негізгі айырмашылықтары құрылымдаушы бөліктерінің сәнделуі мен безендірілуі болып табылады. Сондықтан, мамандар ерлердің екі типін ерекшелеп шығарған.

Пазырық қорғандарынан шыққан ерлерге жақын ердің түрлері Синьзяндағы Субашы жерлеу қорымынан кездескен (Lu Enguo, 1998: 255). Пазырық мәдениетіне ұқсас материалдардың Тұрфан, Тарым аймағынан табылуы З. Самашев: «Пазырық мәдениетінің таралу ареалының кең екендігі байқалады» – деп атап көрсеткен (Самашев, 2001: 151-156).

Субашыдан табылған ерге ұқсайтын ердің бір түрі Цинь Шихуандидің атты кавалериясында пайдаланғандығын, саз балшықтан жасалған мүсіндерден көре аламыз (Jane Portal, 2007: 76–77). Осы жерде бір назар аударатын мәселе, дала көшпелілері б.з.б. 228-210 жылдары біріккен жасақ құрамында өз аттарымен соғысқа қатысуы да мүмкін деген ой келеді. Бұл пікірді З. Самашев Берел қорымдарынан табылған ер тоқымдарды сипаттау барысында атап айтқан болатын.

С.И. Руденко өзінің зерттеу еңбектерінде пазырық ерлері далалық өңірде кең таралған скиф ерлеріне тиесілі деген пікір айтады (Руденко, 1953). Бірақ Еуропалық жазба деректерде скифтердің ер-тоқымдары туралы деректер тым жұпыны, сондықтан да ер-тоқымдардың бөлшектері мен олардың конструкциялық құрылымы туралы толыққанды пікір айта алмаймыз.

Егер скифтердің кейбір қолөнер бұйымдары негізінде, оның ішінде жоғарыда сөз болған Чертомылден табылған қылыш қыны мен амфоралардағы бейнелерге, сонымен қатар Бабина Могила материалдары бойынша Б.Н. Мозолевский мен С.В. Полинаның реконструкцияларына назар аударсақ айырмашылықтар байқауға болады (Мозолевский, 2005: 412-419).

Біздің ойымызша, жұмсақ ерлер пазырық мәдениетіне тиесілі халықтар арасында б.з.б. V ғасырлары шамасында жасалған, одан әрі Еуразияның басқа аймақтарына әртүрлі өзгерістерге ұшырай отырып таралған. Сондықтан да, жұмсақ ерлердің шығу тегі Пазырықтық ерлер болып табылуы мүмкін. Әрі шығыстық «Субашылық» және батыстық «Чертомықтық» нұсқаларын да бөліп қарауға болады.

Жалпы, ер-тоқымдардың ары қарай жетілуі, түрленуі сарматтардың этно-мәдениетінде жалғасын тапқан. Бұл соғыс тәсілдері мен соғысты жүргізу тактикасының өзгеруімен байланысты (Горончаровский, 2001: 86-87).

Парфяндардағы «мүйізді» ерлердің пайда болуы мәселесіне талдау жүргізген В.П. Никифоров, алғашында ерлер ортаазиялық скифтер арасында пайда болып, кейін апарн-дахтар арқылы Парфияға таралған болуы да мүмкін деген пікір келтіреді (Никофоров, 2003: 263-267).

Бірақ, бір мәселенің басы ашық, ол ер-тоқымды зерттеу мен ғылыми сипаттамасын берудің ортақ принциптері мен түсініктерін жасау қажеттігі.

Берел ер-тоқымдарының реконструкциялану мәселесі. Берел қорымындағы №11 обадан табылған жылқы ер-тоқымдарының негізінде, Берел ерлерін қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілгені белгілі (Ахметжан, 2013: 186-195). Ер-тоқым бөлшектерінің негізгі параметрлерін анықтау мақсатында өлшеу, анықтау жұмыстары жүргізіліп, сақталған ердің жалпы ұзындығы 46-47 см екендігі анықталған. С.И. Руденконың еңбегінде көрсетілген Пазырық ерлерінің ұзындықтары 50-58 см құрағаны белгілі, соған қарап, сақталмаған бөлшегін есепке алғанда, Берел мен Пазырық ерлерінің арасында, жалпы көлемінде ұқсастықтар бар екендігі байқалады. Берел ерлерінің беті қызыл түске боялған киізбен жабылған. Киіз жабынды ортасы мен шеттерінің мүжіліп жойылғанына қарамастан, жақсы сақталған. Сонымен қатар, ердің алдыңғы қасы сақталғанымен, артқы қасы шіріп кеткен. Ердің бетіне жабылған киіз жабындының бетінде жабайы жануарлардың тартыс сәті бейнеленген. Нақтырақ, жолбарыс үлкен шаңырақтай мүйізі бар бұғыны талау сәті көрсетілген. Бұл сюжеттің астында салтанаты шеруде кетіп бара жатқан қанатты арқарлардың суреті бейнеленген. Тура осы көрсетілген бейнелер ердің келесі бетінде де симметриялы түрде қайталады.

Киіз бұйымдардың шетін ширатылған жіппен немесе басқа да киіз қалдықтарымен тігіп, көмкеру қазақ халқында бүгінге дейін сақталған. Мұндай бұйым қазақ халқында – сырмақ деп аталатыны белгілі. Сырмақтың шетін оюлау үшін арнайы қой жүнін бояп, оны ширатып, киіздің шетіне өрнектеп қояды. Одан кейін киізді айналдырып, әбден піседі. Нәтижесінде киіз шетінде оюлар қалыптасады. Оюларды тура сол түстегі жіппен тігіп қоятындықтан, олар көзге көрінбейді (Муканов, 1979: 44-46).

Берел қорымынан табылған ердің алдыңғы сақталған қасын өлшеу барысында, оның биіктігі шамамен 13 см, жалпақтығы 22 см, екіншісінің жалпақтығы 24 см болып шыққан. Екі қастың өлшемдерінің өзгеше болуы, жер астында жатқандықтан деформацияланған болуы мүмкін.

Берел ер-тоқымын қалпына келтірушілер К.С. Ахметжан, Р.А. Ахметжанова, ер қасының бұл өлшемдеріне қарап, екінші Пазырық типіне жақын екендігін айтады. Пазырықтан шыққан ер қасының биіктігі 10 см және одан биігірек болған. Пазырық қорғандарынан табылған ерлерге Туэкти, Шиби және Ак-Алахин қорғандарынан табылған ер-тоқымдар ұқсайды.

Берелдегі №11 обадан табылған ер мен Пазырықтан табылған ерлерге ұқсас, бірақ беткі киіз жабындысы жоқ ердің түрін Петр I Сібірлік коллекциясындағы алтын ілгектен көруге болады (Артамонов, 1973: 140–141).

XVII ғасырдың өзінде-ақ, Сібірдегі орыс қоныстарынан көне жерлеу орындарынан алтын іздеушілердің болғаны жөнінде деректер бар. Голландық ғалым Н. Витзен XVII ғасырдың 60-шы жылдары Сібірде саяхаттап жүріп, Тобыл, Түмен, Жоғарғыхутор бойындағы алтын іздеушілер тарапынан қазба жұмыстарын жүргізгенін көрсе, орыс елшілерімен бірге 1699 жылы Қытайға Сібір арқылы жүрген ағылшындық Джон Беллдің жазбасында, әрбір жаз сайын Том қаласынан шамамен 10 күндік жердегі өте көп адамдар тобы ертедегі жерлеу орындарын қазуға аттанатыны жөнінде айтқан. Көп жағдайда олар алтын, күміс, мыс және басқа да асыл тастардан жасалған әшекей бұйымдарды тауып алып, оны өзара бөліске салатын болған. Тіпті Красноярлық Д. Зубов деген әскербасының үйінде жерлеу орнынан жиналған алтындар көп жиналып, оның сол кездегі суммасы бірнеше мың рубльге таяған. Осы тәсілмен жинақталған алтындарды А.Н. Демидов 1715 жылы императордың әйеліне тарту еткен. Бұл сыйлық Петр I қызығушылығын тудырып, 1716 жылы ол «барлық ескі және ерекше жасалған бұйымдарды тауып алғандарға сыйақы тағайындау» туралы жарлық шығарған. 1721 жылы Сібір губернаторына осы жолмен жәдігерлерді сатып алу бұйырылған. 1726 жылы екі жүз елі дана, салмағы 74 фунт немесе 30 кг алтын бұйым Кунсткамераға тапсырылады. Мұндай тәсілмен бұзылуға ұшыраған аймақтардың қатарында Сібірден бастап, Ертіс және Обь өзендерінің маңайы, Қазақстан мен Алтай өлкесіндегі Құланды даласы да жатады.

Міне, жоғарыда сипатталған алтын ілгектегі бейнелер Шығыс Қазақстан өңірінен бастау алатыны байқалады (Руденко, 1962: 15-43). Алтын ілгекте бейнеленген ер жартылай дөңгелектенген екі тері жастықтан тұрады, алдыңғы және артқы жағында ердің қастары бар, ұзына бойы жастықты және ер қастарының

арасын кестелеп тігіп шыққан. Мұндай ерлердің шын мәнінде қалай тігілгенін біз Синьзяндағы Субашы қорымынан табылған ер тоқымнан көре аламыз.

№11 обадан табылған ердің алдыңғы қасы сақталғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Зерттеу барысында алдыңғы қастың сырты қызыл түсті матамен қапталғаны белгілі болған. Түпнұсқасында матаға орнаментальды қаптама желімделген. Мұндай қаптамалы бөліктердің қайыңтоздан жасалған түрлері №10 обадан табылған ерлерде де болған. Ол ерлерде беткі қаптаманы жауып тұратын алтын қаңылтырлардың қалдықтары мен ердің қасының негізін құрайтын доға тәріздес ағаш болған. Тура осы тәсілмен пазырықтан табылған ерлердің барлығы да безендірілген. Ердің алдыңғы және артқы қастары қызыл жүннен тоқылған матамен қапталып, жұқа селдір тері қаптамалармен әшекейленген. Бетінде алтын қаңылтырлар жүргізіліп, шеттері, яғни жиектері жүннен ширатылып жасалған, екі түсті жіппен көмкеріліп тігілген (Руденко, 1953: 163-180).

Екі түсті ширатылған жіппен ер қасының бетін жапқан матаның шеттері кестеленіп тігілген. Ердің қасының бұлай безендірілуін Ақ Алахинск қорғандарынан табылған ерлердің

қасынан да көре аламыз (Полосьмак, 2001: 219-225). №11 обадан табылған ер қасының бетін жапқан матаның шеттерін тіккен жіптердің кейбір бөліктері сақталған. Анықтап қарау барысында жіптердің ақ және қызыл түспен боялғаны байқалған. Жіптің қалыңдығы шамамен 2 мм.

Жоғарыда көрсетілген ерлердің аналогиялық түрлерінің негізінде №11 обадан табылған ердің реконструкциясы, сонымен қатар, №11 обадан табылған ердің алдыңғы қасы негізінде артқы қасының да реконструкциясы жасалған. Ердің бетін жапқан киіз ерге ағаш имек тәріздес заттың көмегімен бекітілген. Имек ағаштар ер қасының пішінінде иіліп, ерге бекітілу үшін үш жерден кішкентай тесік қалдырылған. Яғни имек ағаштың екі шеті ортасында. Имек ағаштың ұзындығы 23-25 см, ені 1,7; 2; 2,1 см құрайды. Ағаш имектер сыртқы жағынан аздап биіктеу етіп бүкірейтіп шығарылса, ішкі жағы ойылып, тереңдетіліп жасалған. №10 обадан табылған ерлер көрсетіп отырғандай, мұндай ағаш имектердің сырты алтын қаңылтырмен қапталып отырған. Әрі ердің киіз жабындысына бекіткішінен бөлек, өзіндік дөңгелек ойығы бар орнаменттік қаптырмасы, ұсақ қалқан тәрізді ілмектерімен қоса жалпы ердің безендірілуін қамтамасыз еткен.

1-кесте – Пазырық обаларынан табылған ерлердің негізгі белгілері

№	Ескерткіш атаулары	Сыртқы пішіні	Ішкі құрылымы	Тартпаның орналасу реті және құйысқан	Ағаш сауыт	Тоқым немесе терлік
1	Пазырық 1	Екі бөстек жастық (ортасынан қылмен байланған)	Бұғының жүні толтырылған	Жылқының төсінен айналдырған. Құйысқаны жылқының жамбасына дейін түскен	Жылқының оң жақ қарнында орналасқан	Теріден жасалған және жұқа киізбен қапталған
2	Пазырық 2	Екі тері жастықты доға ағашпен бекіткен	Бұғы жүні толтырылған	Жылқының төсіне жақын орналасқан	Ағаш таяқтардан құрастырып жасалған, қызылмен боялған	Теріден жасалған
3	Пазырық 3	Екі тері жастық қылмен байланған.	—	—	—	—
4	Пазырық 4	—	Ердің алдыңғы қасы мүйізбен қаптаған	—	—	—
5	Пазырық 5	Екі тері жастық еппен тігілген	Ердің қасын ағашпен немесе мүйізбен қаптаған	Тартпалары өте жалпақ	—	Тоқымдар ерден төмен 1 метрге жуық салбырап тұрады

2-кесте – Башадар-2, Шибе, Ак-алаха, Қалжың-2 және Берел обаларынан табылған ерлердің негізгі белгілері

№	Ескерткіш атаулары	Сыртқы пішіні	Ішкі құрылымы	Тартпаның орналасу реті және құйысқан	Ағаш сауыт	Тоқым немесе терлік	Безендірілуі
1	Башадар 2	Екі тері жастықты бір-біріне жалғап тіккен	Жануар жүнімен толтырылған	Бетіне қалың киіз жабу жапқан. Тартпа жылқының кеудесінен айналған	Ағаш сауыт жоқ, бірақ ердің қасы ағашпен бекітіліп, алтынмен қапталған	Киіз тоқым пайдаланылған. Бірақ сақталуы нашар.	Ердің бетін жапқан киіз оюлармен және жануар бейнесімен нақышталған. Негізгі бейне ердің қасына түсірілген бүркіт кескіні
2	Шибе	Екі тері жастық		Ердің қасы аздап биіктеу келген.			
3	Ак-алаха	Екі тері жастықтан жасалған	Жүн мен шөпті араластырып толтырған	Бетін киізбен жапқан. Тартпа сақталмаған			Киіз жабуда балық және қасқыр бейнесіндегі салбыраңқы киіз қосып тігілген. Қанатты тау ешкі бейнеленген
4	Жоғарғы Қалжың-2	Қалың кара киіз. Және жұқа киіз жаппа					Апликациялы ою жүргізілген
5	Берел қорымы	Екі тері жастық біріктіріліп тігілген	Жануар жүні мен шөпті араластырып толтырған	Жылқы төсінен айналған тартпа бекітілген. Ағаш немесе мүйізден жасалған доға бар	Ағаш таяқтардан құрастырып жасалған ағаш сауыт жылқының оң жағында орналасқан	Киізден жасалған тоқым болған	Ердің бетіне жабылған киіз жабуды апликациялық тәсілмен өрнектеген. Қанатты арқар, жолбарыс бұғы бейнесі нақышталған

Қорытынды

Зерттеу барысында ер тоқымның бетіндегі апликациялық безендірулердің бір-біріне ұқсауымен қатар, өзіндік ерекшеліктері бар екендігін де көрінді. Жоғарыда талдау барысында анықталғандай, Таулы Алтайдан табылған ерлердің жасалу тәсілінде аздап айырмашылықтар болса, өрнектеу тәсілінде көп ұқсастықтар байқалды.

Мақалада тек Шығыс Қазақстан мен Алтайдың басқа аудандары ғана қамтылды. Ғұн-сармат кезіндегі Қазақстанның басқа аймақтарынан ерлердің біршама жетілген түрлері тарағаны белгілі. Бұл жерде ең маңызды мәселе ерлер үзеңгімен бірге жасалуы. Бірақ ғылымда үзеңгінің пайда болуы мерзімі толық анықталмаған, әрқилы болжамдар айтылады. Кейбір зерттеушілер үзеңгілер алғаш Қытай

мен Корей жерінде пайда болуы мүмкін деген болжамдар жасалған. Яғни Қытай мен Корей жеріндегі б.з.б. V-IV ғасырларға тән керамикалық мүсіндерде салт аттылы адамның үзеңгілі ер пайдаланғанын көреміз. Ал Шығыс Қазақстан өңіріндегі аталған мерзімдегі ерлерде үзеңгі болмады. Үзеңгі мәселесі әлі де толық зерттеуді қажет етеді. Себебі ғылымда метал немесе ағаш үзеңгі орнына қайыс белбеуден жасалған үзеңгілер де болғаны белгілі.

Ер тоқым мәселесі бір мақала аясында толық ашылмасы анық, яғни біз толық қарастырмаған дүниелер жетіп артылады. Атап айтқанда, үзеңгілердің пайда болу генезисі, ер байланатын тартпаның қалыптасу үрдісі, ердің астына ағаш тақтай қолдану мәселесі, жылқының оң жағында кейде сол жағында кездесетін ағаш таяқтардан құрастырып жасаған сауыт мәселесі. Біздіңше бұл аталған дүниелер жеке дара зерттеуді талап етеді.

Әдебиеттер

- Артамонов М.И. (1973). Сокровища саков. Аму-Дарьинский клад. Алтайские курганы. Минусинские бронзы. Сибирское золото. Москва: «Искусство». 280 с. Илл: 189, 190) (рис. 7, 1). С. 125-141.
- Ахметжан К.С., Ахметжанова Р.А. (2013). Опыт реконструкции седла из кургана № 11 могильника Берел. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының еңбектері. Том II. Астана.
- Баркова Л.Л. (1978). Курган Шибе и вопросы его датировки. АСГЭ. вып. 19. С. 37-44.
- Баркова Л.Л. (1979). Погребения коней в кургане Шибе. АСГЭ. Вып. 20. Ленинград: «Искусство». С. 55-65.
- Витт В.О. (1952). Лошади Пазырыкских курганов. Советская Археология. №16. С. 165.
- Горончаровский В.А. (2001). Седло в комплексе снаряжения верхового коня на Боспоре первых веков н.э. Роль ахалтекинського коня в формировании мирового коннозаводства: Материалы международной научной конференции. Ашхабад. С. 86-87.
- Грязнов М.П. (1950). Первый Пазырыкский курган. Ленинград: «Эрмитаж». 93 с.
- Грязнов М.П. (1928). Раскопки княжеской могилы на Алтае. Человек, №2-4. С. 217-219.
- Древняя Сибирь. (1976). Путеводитель по выставке «Культура и искусство древнего населения Сибири. VII век до н.э. XIII век н.э.». Эрмитаж. Ленинград: «Аврора».
- Мозолевский Б.Н., Полин С.В. (2005). Курганы скифского Герроса IV в. до н.э. (Бабина, Водяна и Соболева могилы). Киев: Издательский дом «Стилос».
- Муканов М.С. (1979). Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата: «Онер». 234 с.
- Никофоров В.П. (2003). К вопросу о роли стремян в развитии военного дела. Степи Евразии в древности и средневековье. Книга II. Материалы научно-практической конференции, посвящённой 100-летию со дня рождения М.П. Грязнова. Санкт-Петербург. С. 263-267.
- Полосьмак Н.В. (2001). Всадники Укока. Новосибирск: «Инфолио-пресс».
- Руденко С.И. (1948). Второй Пазырыкский курган. Ленинград: «Эрмитаж».
- Руденко С.И. (1953). Культура населения Горного Алтая в скифское время. Москва.
- Руденко С.И. (1960). Культура населения Центрального Алтая в скифское время. Москва.
- Руденко С.И. (1962). Культура хуннов и Ноинулинские курганы. Москва-Ленинград.
- Руденко С.И. (1951). Пятый Пазырыкский курган. Краткие сообщения ИИМК АН СССР. Москва. С. 106-117.
- Руденко С.И. (1950). Раскопки Пазырыкской группы курганов. Краткие сообщения ИИМК АН СССР. Москва-Ленинград. С. 11-26.
- Самашев З. (2001). Берел. Алматы: «Таймас».
- Jane Portal. (2007). P. 76-77.
- Lu Enguo. (1998). P. 255.

References

- Artamonov M.I. (1973). Sokrovishha sakov. Amu-Dar'inskiy klad. Altajskie kurgany. Minusinskie bronzy. Sibirskoe zoloto. [Treasures of the Saks. Amu-Darya treasure. Altai mounds. Minusinsk bronzes. Siberian gold]// Moskva: «Iskusstvo». 280 s. Ill: 189, 190) (ris. 7, 1). S. 125-141.
- Ahmetzhan K.S., Ahmetzhanova R.A. (2013). Opyt rekonstrukcii sedla iz kurgana № 11 mogil'nika Berel [The experience of reconstructing the saddle from burial mound No. 11 of the Berel cemetery] Ә.Х. Margulan atyndagy Arheologija institutynyn Astana qalasyndagy filialynyn enbekteri. Tom II. Astana: 302 s.
- Barkova L.L. (1978). Kurgan Shibe i voprosy ego datirovki [Shibe Mound and its dating questions]. – ASGJe. vyp. 19. S. 37-44.
- Barkova L.L. (1979). Pogrebenija konej v kurgane Shibe [Burials of horses in the mound Shibe]. ASGJe. Vyp. 20. Leningrad: «Iskusstvo». S. 55-65.
- Vitt V.O. (1952). Loshadi Pazyrykskih kurganov [Horses of Pazyryk burial grounds]. Sovetskaja Arheologija. – №16. S. 165.
- Goroncharovskij V. A. (2001). Sedlo v komplekse snarjazhenija verhovogo konja na Bospore pervyh vekov n.e. [Saddle in a set of riding equipment on the Bosphorus of the first centuries of BC] Rol' ahaltekinskogo konja v formirovanii mirovogo konnozavodstva. Materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii. Ashhabad. S. 86-87.
- Grjaznov M.P. (1950). Pervyj Pazyrykskij kurgan [The first Pazyryk mound]. Leningrad: «Jermitez». 93 s.
- Grjaznov M.P. (1928). Raskopki knjazheskoj mogily na Altae [Excavations of the princely grave in the Altai]. Chelovek, №2-4. S. 217-219.
- Drevnjaja Sibir'. (1976). Putevoditel' po vystavke «Kul'tura i iskusstvo drevnego naselenija Sibiri. VII vek do n.e. – XIII vek n.e.».[Ancient Siberia. Guide-book: Culture and art of the ancient population of Siberia] Jermitez. Leningrad: «Aurora». 136 s.
- Mozolevskij B.N., Polin S.V. (2005). Kurgany skifskogo Gerrosa IV v. do n.e. [Mounds of the Scythian Gerros IV century BC] (Babina, Vodjana i Soboleva mogily). Kiev: Izdatel'skij dom «Stilos». 600 s.
- Mukanov M.S. (1979). Kazahskie domashnie hudozhestvennye remesla [Kazakh home art crafts]. Alma-Ata: «Oner». 234 s.
- Nikoforov V.P. (2003). K voprosu o roli stremjan v razvitii voennogo dela [On the role of stirrups in the development of military affairs]. Stepi Evrazii v drevnosti i srednevekov'e. Kniga II. Materialy nauchno-prakticheskoj konferencii, posvjashhjonnoj 100-letiju so dnja rozhdenija M.P. Grjaznova. SPb. S. 263-267.
- Polos'mak N.V. (2001). Vsadniki Ukoka [The horsemen of Ukok]. Novosibirsk: «Infolio-press». 336 s.
- Rudenko S.I. (1948). Vtoroj Pazyrykskij kurgan [The second Pazyryk mound]. Leningrad: «Jermitez». 64 s.

- Rudenko S.I. (1953). Kul'tura naselenija Gornogo Altaja v skifskoe vremja [Culture of the Altai population in Scythian time]. Moskva. 402 s.
- Rudenko S.I. (1960). Kul'tura naselenija Central'nogo Altaja v skifskoe vremja [Culture of the population of Central Altai in Scythian time]. Moskva. 360 s.
- Rudenko S.I. (1962). Kul'tura hunnov i Noinulinskie kurgany [Culture of the Huns and the Noinulinsky Mounds]. Moskva-Leningrad. 206 s.
- Rudenko S.I. (1951). Pjatyj Pazyrykskij kurgan [The Fifth Pazyryk mound]. Kratkie soobshhenija IIMK AN SSSR. Moskva. S. 106-117.
- Rudenko S.I. (1950). Raskopki Pazyrykskoj grupy kurganov [Excavations of Pazyryk group of mounds]. Kratkie soobshhenija IIMK AN SSSR. – Moskva-Leningrad. S. 11-26.
- Samashev Z. (2001). Berel. Almaty: «Tajmas». 236 s.
- Jane Portal. (2007). R. 76-77.
- Lu Enguo. (1998). R. 255.